**МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «А» класындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы**

**II апта ( 11– 15 қантар 2021 ж.)**

**Бекітемін:**
**Оқу ісі жөніндегі орынбасары:** **Аманшеева А.Ж** **Тәрбиеші: Жумабекова М.Б**

**Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | |
| **Ойындар(үстел үсті, саусақ және т.б. )** | **Дидактикалық ойын:**<br>**Бұл не?Бұл кім?**<br>**Мақсаты**:Балаларды көпше етістікті қолдану арқылы,сөздік қорын молайту.<br>Ойлау,қабылдау қабілеттерін арттыру,өз-өзіне сенімді болуға тәрбиелеу. | **Ойын:«Не өзгерді?»**<br>**Мақсаты:**Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Көнекіліктер:**Жеміс пен көкөністің мульяжы. | **«Не артық?»**<br>**Мақсаты**:Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға,қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>**Көрнекіліктер**:Әр түрлі құстар мен жануарлары бейнеленген суреттер. | **Сюжетті-рөлді ойын: «Кітапхана»**<br>**Мақсаты:** Ойын барысында қоршаған орта туралы алған білімдерін, кітапханалардың әлеуемттік маңыздылыған көрсету. Кітапхана қызметкерлері туралы түсініктерін нақтылау, қоғамдық орындағы мінез-құлық ережесін бекіту.. | **Сюжетті-рөлді ойын: «Шаштараз»**<br>**Мақсаты:** ойын желісін өздігінен дамыта білуді, тақырыбын келісіп алуды, рөлдерді бөлісе білуді қалыптастыруды жалғастыру. Ойында рөлдік өзар әрекеттестікті құруға және рөлдік өзара қарым-қатынастарды меңгеруге мүмкіндік туғызу. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | **1. Сауат ашу**<br>**Тақырыбы:**« Ғарышқа сапар. Ғ дыбысы мен әрпі»<br>**Мақсаты:** «Ғғ» дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру, айтылу артикуляциясын меңгерту.«Ғғ»дыбысы бар сөз,сөйлем, ойлап табуына назар аудартып,сөздік қорларын дамыту. «Ғғ» әрпін баспа түрін таныту.<br>Қайырлы таң, балалар!<br>Арайлап таң атты.<br>Алтын сәуле таратты,<br>Жарқырайды даламыз,<br>Қайырлы таң достарым!<br>Педагог балаларға қазақтың | **1. Математика негіздері:**<br>**Тақырыбы:** Маған ұнайтын жыл мезгілі. Оқиғаның ретін белгілеймін.<br>**Мақсаты:** Шартты өлшемнің көмегімен заттарды ұзындығы/салмағы бойынша салыстыру.<br>Педагог балаларды жыл мезгілдері туралы әңгімеге тартады.<br>Жұмбақ шешуді ұсынады.<br>«**Бұл қашан болады?**» **дидактикалық ойыны**<br>Ойын барысы:Барлық ойыншыларға педагог әртүрлі түсті | **1.Сауат ашу.**<br>**Тақырыбы**: Ертегілер еліне саяхат.Г дыбысы мен әрпі<br>**Мақсаты:** «Гг» дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру, айтылу артикуляциясын меңгерту. «Гг»дыбысы бар сөз,сөйлем, ойлап табуына назар аудартып,сөздік қорларын дамыту. «Гг» әрпін баспа түрін таныту бар сөз, сөйлем ойлату арқылы балалардың ойлау қабілетін дамыту.<br>Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызады.<br>Достық туралы әңгімелеп, балалардың қолына | **1. Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:**<br>«Байланыс құралдары»<br>**Мақсаты:** Байланыс құралдарының адам өміріндегі қажеттілігін түсініп, олардың қолданылу аясын атау.<br>**Шаттық шеңбері**<br>Қуан, шаттан, алақай!<br>Қуанатын күн келді.<br>Қайырлы күн!<br>Қайырлы таң!<br>Күліп шықты күн бүгін.<br>Балалардың әртүрлі байланыс құралдарының адам өміріндегі қажеттілігі | **1. Өзін-өзі тану:**<br>**Тақырыбы:**Үй жануарлары.<br>**Мақсаты:** үй жануарлары туралы білімдерін бекіту<br>- Үй жануарлары – қолға үйретілген жануарлардың түрлері. Сондықтан кейде бұларды қолға үйретілген жануарлар деп атайды.<br>Олар: сиыр, түйе, қой, ешкі, жылқы, есек, үй қояны, құстардан тауық, үйрек, қаз, күркетауық.<br>Дидактикалық ойын: «Үй жануарлардың төлдерін тап!»<br>Ойын шарты: жұмыс |

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | |
| **Ойындар(үстел үсті, саусақ және т.б. )** | **Дидактикалық ойын: Бұл не?Бұл кім?** **Мақсаты**:Балаларды көпше етістікті қолдану арқылы,сөздік қорын молайту. Ойлау,қабылдау қабілеттерін арттыру,өз-өзіне сенімді болуға тәрбиелеу. | **Ойын:«Не өзгерді?»** **Мақсаты:**Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. **Көнекіліктер:**Жеміс пен көкөністің мульяжы. | **«Не артық?»** **Мақсаты**:Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға,қамқоршы болуға тәрбиелеу. **Көрнекіліктер**:Әр түрлі құстар мен жануарлары бейнеленген суреттер. | **Сюжетті-рөлді ойын: «Кітапхана»** **Мақсаты:** Ойын барысында қоршаған орта туралы алған білімдерін, кітапханалардың әлеуемттік маңыздылыған көрсету. Кітапхана қызметкерлері туралы түсініктерін нақтылау, қоғамдық орындағы мінез-құлық ережесін бекіту.. | **Сюжетті-рөлді ойын: «Шаштараз»** **Мақсаты:** ойын желісін өздігінен дамыта білуді, тақырыбын келісіп алуды, рөлдерді бөлісе білуді қалыптастыруды жалғастыру. Ойында рөлдік өзар әрекеттестікті құруға және рөлдік өзара қарым-қатынастарды меңгеруге мүмкіндік туғызу. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | **1. Сауат ашу** **Тақырыбы**:« Ғарышқа сапар. Ғ дыбысы мен әрпі» **Мақсаты: «**Ғғ» дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру, айтылу артикуляциясын меңгерту.«Ғғ»дыбысы бар сөз,сөйлем, ойлап табуына назар аудартып,сөздік қорларын дамыту. «Ғғ» әрпін баспа түрін таныту.<br>Қайырлы таң, балалар!<br>Арайлап таң атты.<br>Алтын сәуле таратты,<br>Жарқырайды даламыз,<br>Қайырлы таң достарым!<br>Педагог балаларға қазақтың алғашқы ғарышкері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетовтың суреттерін көрсетіп әңгімелейді.<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс 1-тапсырма**<br>Өлеңді оқиды. Тоқтар Әубәкіров суретін қайталап | **1. Математика негіздері:** **Тақырыбы:** Маған ұнайтын жыл мезгілі. Оқиғаның ретін белгілеймін. **Мақсаты:** Шартты өлшемнің көмегімен заттарды ұзындығы/салмағы бойынша салыстыру.<br>Педагог балаларды жыл мезгілдері туралы әңгімеге тартады.<br>Жұмбақ шешуді ұсынады.<br>**«Бұл қашан болады?» дидактикалық ойыны**<br>Ойын барысы:Барлық ойыншыларға педагог әртүрлі түсті 4 шаршыдан үлестіріп береді. Әр түс белгілі бір жыл мезгілін білдіреді, мысалы: сары – күз, көк – қыс, жасыл – көктем, қызыл – жаз.<br>Педагог (немесе бала) қандай да бір мезгілдегі құбылыстың (мысалы, жапырақтардың түсуі). Балалар шапшаң сәйкес | **1.Сауат ашу.** **Тақырыбы**: Ертегілер еліне саяхат.Г дыбысы мен әрпі **Мақсаты: «**Гг» дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру, айтылу артикуляциясын меңгерту. «Гг»дыбысы бар сөз,сөйлем, ойлап табуына назар аудартып,сөздік қорларын дамыту. «Гг» әрпін баспа түрін таныту бар сөз, сөйлем ойлату арқылы балалардың ойлау қабілетін дамыту.<br>Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызады.<br>Достық туралы әңгімелеп, балалардың қолына гүл шоқтарын ұсынып, бір-бірлеріне жақсы тілектер айтқызады.<br>Педагог апта күндерін атайды. Балалар қайталайды.<br>7 саны туралы әңгіме оқып береді. Жеті қазына, жеті күн туралы әңгімелейді.<br>Балалар аптасына неше күн | **1. Қоршаған ортамен танысу** **Тақырыбы:** «Байланыс құралдары» **Мақсаты:** Байланыс құралдарының адам өміріндегі қажеттілігін түсініп, олардың қолданылу аясын атау.<br>**Шаттық шеңбері**<br>Қуан, шаттан, алақай!<br>Қуанатын күн келді.<br>Қайырлы күн!<br>Қайырлы таң!<br>Күліп шықты күн бүгін.<br>Балалардың әртүрлі байланыс құралдарының адам өміріндегі қажеттілігі туралы білімдерін толықтыру.Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беру.Байланыс құралдарының қажеттілігін, олардың жалпы қызметі.<br>Педагог жұмбақ жасырады.<br>Бар екен бір терезе ғажап үйде | **1. Өзін-өзі тану:** **Тақырыбы:**Үй жануарлары. **Мақсаты:** үй жануарлары туралы білімдерін бекіту<br>- Үй жануарлары – қолға үйретілген жануарлардың түрлері. Сондықтан кейде бұларды қолға үйретілген жануарлар деп атайды.<br>Олар: сиыр, түйе, қой, ешкі, жылқы, есек, үй қояны, құстардан тауық, үйрек, қаз, күркетауық.<br>Дидактикалық ойын: «Үй жануарлардың төлдерін тап!»<br>Ойын шарты: жұмыс дәптердегі тапсырманы орындау.<br>Жекеше және көпше түрде айтуды үйрету.<br>Тақтаға 1 түйе, 1 сиыр, 1 қой, 1 жылқының суреттері ілінеді.<br>Осы суреттердің жанына әрқайсысы 2 - 3 түйе, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларға<br>көрсетеді. Сурет бойынша балалар өз ойларын айтады.<br>Педагог сұрақ қояды.<br>Ғарышқа кім ұшып барады?<br>Сұраққа жауап бере отырып, балалар әңгімелеседі.<br>**2-тапсырма**<br>Сөзге дыбыстық талдау жасайды.<br>Ғ дыбысы сөздің қай жерінде тұр?<br>Ғарыш суретіне қарап, не көргендерін айтады.<br>*Ғарыш, ғарышкер* сөздерін буынға бөліп, дыбыстық талдау жасайды.<br>Ғ дыбысымен танысады. Сөздің бірінші буынында алдында естілетін дыбыс Ғ дыбысы екенін табады.<br>Ғ – ұяң дауыссыз дыбыс. Ғ дыбысының<br>артикулияциясымен таныстырады.<br>**3-тапсырма**<br>Ұшатын, ұшпайтын қасиеттеріне қарап, заттарды бір-бірімен қосады.<br>Сөздерге дыбыстық талдау жасайды.<br>*Шағала, ағаш, таға, шаңғы, торғай, қарға, қырғауыл*<br>сөздерін буынға бөліп, оларды қатыстырып, сөйлем құрайды.<br>Сөздердегі Ғ дыбысы естілген буынды табады.<br>***Сергіту сәті.***<br>Балалар «Ұшты-ұшты!» ойынын ойнайды.<br>Педагог ұшатын затты айтса, қолдарын жайып ұшқанды көрсетеді, ұшпайтын затты айтса, қолдарын төмен түсіріп билейді. Ойын 2-3 рет ойналады. | түсті (сары) шаршыны көтеруі керек. Табиғатты бақылай отырып, халық жыл мезгіліне байланысты көптеген жұмбақтар шығарды. Бір-бірлеріне<br>жұмбақ жасыру ұсынылады.<br>Педагог 1-тапсырмадағы «Жыл маусымдары» деген<br>суретке қарауды ұсынады.<br>Балалар маусымдарды және олардың белгісін атайды.<br>Әрі қарай балалар өзінің таңдауын түсіндіре отырып, маусымдар мен сюжеттік суреттерді өз бетінше біріктіреді. **«Болады, болмайды» дидактикалық ойыны.**<br>Педагог белгілі бір жыл мезгілінің белгісін атап, допты лақтырады. Егер бұл белгі сәйкес келсе, бала допты тосып алады, егер сәйкес келмесе, допты тосып алмайды.<br>**2-тапсырманы** өз беттерінше орындайды.<br>**3-тапсырма** жұппен орындалады. Балалар маусым бойынша сәйкес келетін заттарды таңдап, суреттерді біріктіреді.<br><br>**2. Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Қысқы орман<br>**Мақсаты:** Тыңдалған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізу<br>Педагог балаларды ортаға шеңберге тұрғызады.<br>– Балалар, өзімізді әдемі де сұлу табиғатқа теңейікші.<br>– Балалар өздерін биік тауға, жұпар иісті гүлге, сұлу<br>құс аққуға, мықты тасқа теңеп, шаттық шеңберін | мектепке келетіндерін айтады.<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс**<br>**1-тапсырма**<br>– Суретте кімдерді көрдіңдер?<br>Әртүрлі ертегі кейіпкерлерін атайды.<br>Мысалы: *Елес, Гарри Поттер, Алдаркөсе, мыстан.*<br>*«Газет», «Галстук», «Гу-гу!», «Глобус»* сөздерін қайталайды.<br>Сөздердің басында<br>естіліп тұрған дыбысты ажыратады.<br>Педагог балалардан сұрақ сұрайды.<br>– Қай мультфильм ұнайды?<br>Балалар өздеріне ұнайтын мультфильмдер<br>туралы айтады.<br>*Ертегі* сөзін буынға бөліп, Г дыбысы<br>естілетін буынды табады.<br>2-тапсырма. «Қаршақыз бен жеті құртақан»<br>атты туралы ертегіден үзінді көрсетеді. Жеті цифрын белгілейді.<br>Балалар сандарды тура және кері санайды.Сегіз сөзін буынға бөледі.<br>*Сегіз* сөзіне сөйлем құрайды.<br>Г ұяң дауыссыз дыбыс екенін біледі.<br>**Сергіту сәті**<br>Қолды жоғары көтеріп,<br>Демалып бір алайық.<br>Доп сияқты домалап,<br>Секіріп, секіріп алайық.<br>Денемізді бос ұстап,<br>Шынығып бір алайық.<br>Балалар өлең жолдарын қимылмен айтады.<br>**3-тапсырма**. Г әрпін үйренеміз.<br>Педагог өлең<br>жолдарын оқи отырып, г әрпінің бейнесіментаныстырады.<br>– Г дыбысын айтқанда тіліміздің арты таңдайымызға тиеді. | Кино болар терезеден<br>күнде-күнде. (Теледидар)<br>Шыр-шыр етеді,<br>Ұстап қалсам, сөйлеп кетеді. (Телефон)<br>Жазуы бар ақ парақ қанат қақты,<br>Жеткізеді әлемдегі жаңалықты. (Балалар бұл жұмбақты<br>шеше алмай қиналуы мүмкін. Сол кезде сұрақтар қою арқылы жұмбақтың шешуін тапқызуға болады).<br>– Алыс жердегі адамдар бір-бірімен қалай хабарласады? (Газет)<br>Хатты қалай жібереміз?<br>– Пошта арқылы. Байланыс құралдары: телеграф, телефон.<br>– Әлемде болып жатқан оқиғаларды қалай білеміз?<br>– Ақпараттық құралдар арқылы. Олар: теледидар, радио,газет, ғаламтор.<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма**<br>Суреттен тек байланыс құралдарын белгілету және оларды бояту (телефон, факс, ұялы телефон, хат, компьютер, құттықтау хаттар).<br>Телефон, хат, құттықтау хаттар, сәлемдеме байланыс түрлеріне жатады. Байланыс қызметінің бұл аталған түрлерінің бәрі адамдардың тұрмысына өте қажет.<br>Компьютер де байланыс қызметі түрлерінің қатарына жатады. Компьютермен әлемнің барлық жерлерінен әртүрлі хабарлар алынады және жіберіледі. Қазіргі | сиыр, қой және жылқының суреттері ілінеді.<br>Сергіту сәті:<br>Ал, балалар, келіңдер,<br>Бой жазайық бәріміз –<br>Мойнымызды бұрамыз,<br>Қолымызды созамыз,<br>Аяқтармен топ - топ басып,<br>Орнымызға барамыз.<br>Ойын: «Дауысынан таны»<br>Ойын шарты: балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, бір баланың көзін байлайды. Көзі байланған баланың қасына бір бала жануар дыбысын салады. Бала қандай жануардың дауысы және оны салған кім екенін табады.<br>**2. Музыка.**<br>**Тақырыбы:** «Біз өнерлі баламыз»<br>**Мақсаты:**Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату.<br>**Тыңдау:** «Балалық шақ әлемі».(муз.М.Күзембаев, Г.Жотаева)<br>**Ән айту.** «Балдырғандар әні»<br>(муз мен сөзі Г.Жотаева)<br>**Музыкалық ырғақты қозғалыс**«Соқыртеке» (А.Тани А.Естенов)<br><br>**3. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Жәндіктер әлемі<br>**(негізгі қимылдар)**<br>Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4-тапсырма**<br>Педагог тақтадағы Ғ әрпінің бейнесімен таныстырып шалғының суретімен салыстырады. Балалар Ғ әрпінің<br>бейнесімен таныс болады.<br>Ғ әрпінен басталатын сөз ойлап айтады. Буынға бөледі.<br>Ж. Әбдірашовтың ғ әрпі туралы өлеңін оқып, ғ әрпінің шалғыға ұқсайтынын айтады, суреттен көрсетеді.<br>5-тапсырма<br>Ғ әрпінің бейнесін пішініне қарап отырып, домино тастарынан жасайды.<br>Ғ әрпінің баспа түрін жазады<br><br>**2. Музыка.**<br>**Тақырыбы:** «Біз өнерлі баламыз»<br>**Мақсаты:**Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату.<br>**Тыңдау:** «Балалық шақ әлемі». (муз.М.Күзембаев, Г.Жотаева)<br>**Ән айту.** «Балдырғандар әні» (муз мен сөзі Г.Жотаева).<br><br><br>**3. Жаратылыстану:**<br>**Тақырыбы:** Табиғат құбылыстарының<br>ерекшелігі неде?<br>**Мақсаты:** Табиғат құбылыстарын сипаттау<br>(жел, тұман, найзағай, жаңбыр және т.б.)<br>«Нөсер» өлеңінің көмегімен дұрыс әсерлі көңіл күй жасау.<br>Найзағайлар атылды,<br>Жерге бұршақ шашылды.<br>Нөсер жауып бір кезде,<br>Жұртты әуреге салдырды.<br>Қозы-лақтар маңырап, | жасайды.<br>– Балалар, сендер табиғат аясында демалғанды жақсы көресіңдер ме?<br>– Сендер қысқы орманда болдыңдар ма?<br>– Бүгін бізге ормандағы қорықшыдан хат келді. Ол өзінің кішкентай күшігінің орманда адасып кеткенін, көмек керек екенін жазыпты.<br>– Күшікке көмекке барамыз ба? Қысқы орманға бару үшін қалың киіну керек.<br>***Әліппе-дәптермен жұмыс:***<br>***1-тапсырма.*** Сен қысқы орманға бару үшін не киер едің? Суреттердің ішінен таңдап белгіле және ата.<br>Бұлар қандай киім деп аталады?<br>***2-тапсырма.*** Балалар, қысқы орманды қазір қалың<br>қар басып қалған. Өзендер мұз болып қатып жатыр.<br>Орманға бару үшін бізге қандай құралдар қажет?<br>Суретке қарап, таңдап көрсет.<br>Неге бұл заттарды таңдағаныңды түсіндір.<br>Сөйлемді жалғастырып айт.<br>Омбы қарда шаңғымен ... *(сырғанаймыз)*<br>Мұзда коньки ... *(тебеміз)*<br>Шанамен жотадан ... *(зулаймыз)*<br>**Сергіту сәті:**<br>Аяққа шаңғы іллеміз,<br>Қолға таяқ аламыз.<br>Оңға қарап,<br>Солға қарап,<br>Бір, екі, үш - жүйіткиміз.<br>***Әліппе-дәптермен жұмыс:***<br>***3-тапсырма.*** Балалар, біз орманға келіп қалдық.<br>Не көріп тұрмыз?<br>Орманда қандай ағаштар өседі? Ата. | Созылып айтылмайды, кедергіге ұшырайды.<br>Тақтаға **Г** әрпінің баспа түрін іліп қояды. Құтан суретіндегі мойыны Г-ге ұқсап тұрады.<br>Және Г әрпіне ұқсайтын гүлдің суреті де болады. Балалар Г әрпінің бейнесін ауада жазып жаттығады. Естеріне сақтайды.<br>**4-тапсырма**<br>Текшелердің суреті салынған мата қиындыларынан г әрпінің пішінін жасайды.<br>Педагог балаларға көмектеседі.<br>**5-тапсырма**. Г әрпін өз қиялдарымен бейнелеп салады. Балалар жазу жолына Г әрпінің баспа түрін жазады.<br><br>**2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>Су асты әлемінің таңғажайыптары **(негізгі қимылдар)**<br>Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау<br>Әңгімелесу – сендер қандай теңіздерді білесіңдер?<br>Қазақстанда теңіз бар ма? Қай елдің жағалаулары Каспий теңізімен ұштасып жатыр?<br>**«Аквалангистер»**<br>Бір қатар сапқа тұрып жүру, зал ортасында екі баладан қайта сап құру, аквалангистердің жабдықтарын бейнелеу.<br>Акробатика мен тыныс алу жаттығуларының элементтері бар жалпы дамыту жаттығулары (демді ішке алу – сыртқа шығаруды реттейді).<br>**Арқамен артқа аунау**. 1. «Су түбіне түсу»<br>Біз теңіз жағасындамыз және | кезде мектептер компьютермен толық қамтамасыз етілген.<br>Пошта – хат, телеграмма, ақша, газет-журнал, сәлемдеме<br>сияқты заттарды бір жерден екінші жерге жеткізумен айналысатын мекеме. Бұл мекемеде байланыс қызметкерлері<br>– хат, телеграмма т.б. қабылдаушы-операторлар, хат тасушылар жұмыс істейді. Адам өміріне өте қажетті байланыс құралдары: теледидар, ұялы телефон, компьютер, ғаламтор кең таралған.Күнделікті жаңалықтарды – өзіміздің мемлекетімізде,<br>тіпті шетелдерде болып жатқан оқиғалар туралы естіп,ақпарат аламыз.<br>**2-тапсырма:** Артық суретті белгіле. Себебін түсіндір.<br>Сурет арқылы балалардан сұрақ-жауап алады.<br>– Балалар, бұрынғы заманда телефон, телеграф жоқ болған кезде адамдар бір-бірімен қалай хабарласқан? (Суретті қарап, байланыс құралдарын атап береді).<br>– Ақпараттық құралдарға нелер жатады?<br>(Газет, радио, теледидар, компьютер).<br>**Сергіту сәті: «Телефон»**<br>Әй, телефон, телефон,<br>Апам келіп бұраса,<br>Кім керегін сұраса,<br>Тез шақырып келесің,<br>Айтқанына көнесің.<br>Әй, телефон, телефон, | үдетумен дене жаттығуларын орындау<br>Құмырсқа туралы жұмбақ шешіледі.<br>Екі басы жұдырықтай,<br>Ортасы қылдырықтай.<br>Балалардан құмырсқалар жайлы әңгімелеуді сұрайды. **Гантельмен орындалатын ЖДЖ**<br>**«Тез шеңберге тұр» ойын жаттығуы**<br>Балалар зал ішінде «шашырай» жүгіріп жүреді. Педагог<br>белгі берген кезде барлығы бір шеңберге, екі шеңберге,<br>үш шеңберге жылдам барып тұра қалуы тиіс.<br>Балаларға<br>карточкадағы санға сәйкес шеңбер жасау ұсынылады.<br>«Шашыраңқы» жүгіру кезінде жарақат алудан сақ болу және<br>кеңістікті бөлу туралы балалардың есіне салады.<br>Қолды отырғышқа таянып тұрып, денені жерден көтеріп,<br>қолды бүгіп-жазу, аяқты бүкпей түзу ұстау.<br>Алдынан және арттан таянып, денені көтеру.<br>Аяқ пен қолды және іштіі тепе-теңдікте ұстап, етпетінен<br>тұрып таяну. Іштіі тарту қажет.<br>Шалқадан жату, денені тік ұстайды (жамбас жоғары көтері-<br>луі тиіс).<br>Алақан мен тізеге сүйене отырып, арқасына зат |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Бұзаулар да аңырап.<br>Айналаға қарасаң,<br>Көрінбейді атырап.<br>Нөсер жаңбыр жауады,<br>Сай-саладан ағады.<br>Жердің бәрі балшық боп,<br>Бассаң, балқып барады.<br>Балалар, табиғат дегеніміз не?<br>Есімізге түсірейікші.<br>**Табиғат** – жанды және жансыз<br>денелерден тұратын бізді<br>қоршаған<br>әлем. Бүгін біз сендермен<br>табиғат құбылыстары туралы<br>айтатын боламыз. Табиғат<br>құбылыстары дегеніміз не?<br>Қалай ойлайсыңдар?<br>Балалар ҰОҚ-да әңгіме не<br>жайында болатындығын сурет<br>бойынша болжамдайды. ҰОҚ-<br>ның соңында қол жеткізетін<br>мақсат айқындалады.<br>Жұмбақтарды шешу арқылы<br>табиғат құбылыстары туралы<br>түсінік беру.<br>Қанаты жоқ, ұшады,<br>Аяғы жоқ, жетеді.<br>Аузы жоқ, ұлиды (Боран).<br>Арыстан арқырады,<br>Орман жарқырады (Найзағай).<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қашады (Жел).<br>Қыста ғана болады,<br>Ұстасаң, қолың тоңады (Қар).<br>Сырылдатады шәйнегін,<br>Ұнатпаса да жұрт, мейлі.<br>Тереземіздің әйнегін<br>Жуады,<br>Бірақ сүртпейді (Жаңбыр).<br>Балалар, қандай табиғат<br>құбылыстарын білесіңдер?<br>Табиғат құбылыстарына<br>анықтама беріп көрейікші.<br>**Табиғат құбылыстары** – әр<br>маусымда болатын табиғи<br>өзгерістер(жаңбыр, қар, жел, | Олардың жапырағы жоқ, қай<br>ағаш екенін қалай<br>танимыз? (Әрине, бұтағы мен<br>діңінен). ***4-тапсырма.*** **«Ненің<br>ізі?»** ойыны. Қайсысы ненің ізі<br>екенін қосып көрсет.<br>– Балалар, қараңдар, қар<br>үстінде әртүрлі іздер жатыр.<br>Қане қарайық, ненің іздері екен,<br>мүмкін күшікті ізінен<br>тауып алармыз.<br>Тапсырманы орындау<br>барысында педагог балалардан<br>ненің ізі екенін айтып отыруды<br>сұрайды. Мысалы:<br>аюдың ізі, құстың ізі т.б.<br>– Балалар, ізі арқылы күшікті<br>тауып алдық. Күшікті<br>тауып бергенімізге қорықшы<br>қуанатын болды.<br>**3. Сурет**<br>**Тақырыбы: «**Су асты<br>әлемі**»(**Сәндік**)**<br>**Мақсаты:** Түрлі сызықтар<br>көмегімен қарапайым сәндік<br>өрнектерін және қазақ<br>өрнектерінің түрлерін салу.<br>**Сабақта оң көңіл күй<br>қалыптастыру**<br>Педагог: Қазір біз сендермен<br>бірге саяхатқа аттанамыз.<br>Көздеріңді жұмыңдар. Сендер<br>теңіз жағалауындасыңдар.<br>Тамаша жазғы күн, жұмсақ құм.<br>Көгілдір аспан, жылы<br>күн. Сендер теңіз дыбысын<br>естіп тұрсыңдар... Теңіз<br>суының жағымды салқынын<br>сезесіңдер. Жеңіл және еркін<br>тыныс аласыңдар. Көңіл-күй<br>сергек және шат болады.<br>«Үш» дегенде көздеріңді<br>ашасыңдар.«Теңіз дыбысы».<br>**Әліппе-альбомдағы<br>материалмен жұмыс.**<br>Педагог әліппе-альбомдағы | біртіндеп суды бойлап түбіне<br>түсеміз.<br>*Бір-біріңе жотамен қарап<br>тұрыңдар.* Міне, біз теңіз түбін-<br>деміз. *Бастапқы қалып: еденде<br>отыру.*<br>*Тізені кеудеге қысып, өкшені алға<br>созамыз; қолмен тізе-<br>ні айқара құшақтап басты тізеге<br>жақындатамыз. 1-2 –<br>қалыптан артқа қарай аунаймыз.<br>3-4 – бастапқы қалып.*<br>2. «Шаян»<br>Теңіз түбінде шаян қысқыштарын<br>баяу қимылдатып жүріп<br>келеді. Ол түк-түк аяқтарын<br>ербеңдетіп, адымдайды.<br>*Бастапқы қалыпта тізені бүгіп,<br>денені тік көтеріп ұстайды.<br>1–4 – аяқты жылжытып, қысқа<br>адым аттайды.*<br>3. «Теңіз жұлдыздары»<br>*Б.қ. арқамен жерге жату, аяқты<br>біріктіріп, қолды дене<br>бойымен тік созады.<br>1 – аяқ-қолды еркін жазып,<br>аяқтың ұшын созады. /демді<br>ішке тарту/.<br>2 – б.қ./демді сыртқа шығару/.*<br>4. «Тікенек кірпі»<br>Тікенек толған кірпі<br>Қолмен ұстай алмайсың.<br>*Б.қ. Ішпен жатып, қолды дене<br>бойымен созып жату.<br>1. Тобықтан жоғары қолмен<br>ұстау. Басты, кеудені және<br>жамбасты барынша көтере<br>отырып иілу /демді ішке тар-<br>ту/.<br>2. Бастапқы қалыпқа оралу/демді<br>сыртқа шығару/.*<br><br>**3. Көркем әдебиет:**<br>**Тақырыбы: «**Ақ бидай**»**<br>**Мақсаты:** Ілікпе сөз бен<br>фразаларды айтуда тыныс алуды | Көкем келіп бұраса,<br>Кім керегін сұраса,<br>Тез шақырып келесің,<br>Айтқанына көнесің.<br>**3-тапсырма:** Хаттың иесіне<br>келу жолын ретімен<br>жаз.<br>1. Хат жазып отырған бала.<br>2. Хатты поштаның<br>жәшігіне салып жатыр.<br>3. Пошта, пойыз, ұшақ,<br>мәшине.<br>4. Пошташы хатты апарып<br>беріп жатыр.<br>5. Иесі хатты оқып отыр.<br>«Хат тасушы» өлеңін оқу.<br>Ол жатқа біледі қаланы,<br>Бар көше, бар үйге барады.<br>Біздің де қораны табады,<br>Күнде кеп есікті қағады.<br>Ағама, тәтеме, атама, әжеме,<br>Көкеме, апама<br>Көп-көп хат келеді алыстан,<br>Достардан, тумадан,<br>таныстан.<br>**2. Жапсыру:**(Сюжеттік<br>аппликация)<br>**Тақырыбы:**Алтын балық<br>**Мақсаты:** Жапсыруға<br>арналған материалдарды<br>тиімді жұмсау (тығыздығы,<br>түсі, текстурасы жағынан<br>әртүрлі қағаздар).<br>Кел, шеңберден қалма,<br>Айналаңа күлкі сыйла.<br>Сыңғырлаған сол күлкің,<br>Достарыңа арналсын.<br>Не аспанда қалықтай,<br>Қанат қақсын аққудай.<br>Қабақ шытпа, күлімде,<br>Шын ниетпен күлгенде<br>Жарқырайды әлем де!<br>Педагог балаларды<br>«Қағаздар»<br>мультипликациялық<br>фильмінен үзінді көруге | қойып<br>төрттағандап еңбектеу.<br>**«Құмырсқалар»**<br>Жөндеу үшін өз үйінің<br>шатырын,<br>Құмырсқа жүр шырпы<br>іздеп ақырын.<br>Жолдан өтті, жан-жағына<br>қараса<br>Талшық жатыр, болды<br>міне тамаша!<br>Қысып алып шырпыны<br>алға сүйреді,<br>Төмпешіктерді қиын екен<br>демеді.<br>Қиналса да, жетіп қалды<br>үйіне<br>Саған – шырпы, оған –<br>томар секілді.<br>Алақан мен тізеге сүйене<br>отырып, арқасына зат<br>қойып төрттағандап<br>еңбектеу.<br>**Тура бағытта шеңбер<br>домалату**<br>Педагог:<br>«Дайындалыңдар!» деп<br>белгі берген кезде, бала-<br>лар сол қолмен тірей<br>отырып заттардың<br>бағытына қарай<br>шеңберді жерге қояды; оң<br>қолды шеңберді ұруға<br>дайын ұстап<br>тұрады. Педагог: «Бір, екі,<br>үш, домалат!» деген кезде,<br>балалар шеңберлерді оң<br>алақанымен соққылай<br>отырып қойылған зат-<br>тарға қарай домалатады.<br>Шеңберді бірінші<br>домалатып барған<br>бала шеңберді басына<br>көтеріп, өз тобына жүгіріп<br>келеді де,шеңберді<br>саптағы келесі балаға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | боран, найзағай т.б.).<br>**«Табиғат құбылыстары» тақырыбында сурет бойынша әңгімелеу**<br>– Балалар, суреттен нені байқадыңдар?<br>– Қандай табиғат құбылыстарын атай аласыңдар?<br>– Бірінші суретте қай мезгіл бейнеленген?<br>– Күз мезгілінде ауа райы қандай болады?<br>– Екінші суретте не бейнеленген?<br>– Көктем мезгілі бейнеленген.<br>– Көктем мезгілінде қандай табиғат құбылысы болады?<br>– Күн күркіреп, жаңбыр жауады.<br>– Ал, қыста қандай құбылыс болады?<br>– Қар жауады.<br>**1-сурет: «Бұлт».** Бұлт та табиғат құбылысы екенін түсіндіру.<br>– Бұлт – ұсақ су тамшылары. Биік аспанда қалықтап жүреді. Ауа райы<br>жылы мезгілдерде жаңбыр болып жауады. Ал суық кезде бұршақ және<br>қар болып жерге түседі.<br>**2-сурет: «Тұман».**<br>– Тұман – табиғат құбылысы. Ол да ұсақ су тамшылары. Ол жерге таяу<br>жиналады. Қатты тұман көлік қатынастарына бөгет жасайды. Мысалы:<br>ұшақтар ұша алмайды т.б.<br>**3-сурет: «Жаңбыр».**<br>Жаңбыр – бұлттан бөлініп жерге түсетін су.<br>Жаңбыр қайдан пайда болады? Неге қыста қар жауады деп ойлайсыңдар? Күн қай кезде | тапсырмаларды орындап, кейіпкерлердің қайда аттанғандығын табуды және өз шешімдерін түсіндіруді сұрайды.<br>қандай балықтың жұбы жоқ? Педагог үй шарттарында су асты әлемін қайдан<br>көруге болатындығын досымен талқылауды ұсынады. Балықтардан басқа қандай суқойма мекендеушілерді білесіңдер? Су асты әлемі тұрғындарының түсі қандай? Суды бейнелеу үшін қандай түстерді пайдалану қажет?<br>**Сергіту сәті**<br>Педагогтің қалауы бойынша өткізіледі<br>Балаларға мозаика тәсілімен әдемі балықты салуды ұсынады. Материалды (фломастерлер, бояулар)<br>өз қалауына қарай таңдаңдар. Алдымен балықты фломастермен салу керек, оны мозаика фрагменттеріне бөліп, гуашь бояулармен суретті бояу қажет. Неге акварель емес, гуашь бояуларды алу керек? (гуашь бояулар азырақ<br>ағып кетеді, олар қаймақ секілді қою) Әр фрагментті айқын етуге тырысу керек.<br><br>**4. Орыс тілі:**<br>**Тема:** Мир насекомых<br>**Цель:** учить детей говорить об основных признаках осени.<br>**Задание № 1. Рассмотри картинку. Назови из-вестное тебе насекомое.**<br>**Релаксация.** Давайте представим, что мы попали | реттеу. Интонация-ларды ажырата алу және оларды айту<br>– Бүгін бізді Айсұлу мен Қуаныш «Театр әлемі»<br>байқауына шақырды. Ол үшін бізге дайындалу керек.<br>– Актёрдің дауыс ырғағы қандай болу керек?<br>Жаттығу жасайық. **Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>Бала балараны қуалады,<br>Балара баланы қуалады.<br>(Қатты, сыбырлап айтады).<br>**–** Актёрлер тек қана дауыс ырғағын келтіріп қоймайды**.**<br>Ым-ишара арқылы кейіпкерлердің образын бейнелейді**.**<br>**–** Бүгін сендермен актёр болуды үйренуді жалғастырамыз.<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс**.<br>1-тапсырма.<br>Актёрлік шеберлік дегеніміз не?<br>Мәнерлі сөйлеу деген не?<br>2-тапсырма. Өзіңе таныс ертегіні тап. Кейіпкерлерді ата,<br>оларға сипаттама бер. Олардың бейнесін ым-ишарамен<br>көрсет.<br>Педагог «Ақ бидай» ертегісін ұсынады. Ертегі желісі<br>бойынша салынған суреттерді көрсете отырып мазмұнын баяндайды (Қосымшаны қараңыз).<br>– Ертегі сендерге ұнады ма?<br>– Қандай кейіпкерлермен таныстық?<br>– Ақ бидайдың жағдайы неге нашарлады?<br>– Оның өсуіне не кедергі болды?<br>– Ақ бидайға кім көмектесті?<br>– Ертегі бізді неге үйретеді?<br>**Музыкалық жаттығу.**<br>Музыка әуенімен балалар түрлі қимылдар жасап билейді.<br>Әуен тоқтағанда бастарын иеді.<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс.** | шақырады. Балаларды қағаздан<br>үлгілеу тақырыбына әкеледі.<br>**Әліппе-альбомдағы жұмыс**<br>Педагог суреттерге қарап, олардың қандай геометриялық фигуралардан тұратынын айқындауды ұсынады. Қағаздан<br>үлгілеу ұғымын береді.<br>Қағаз үлгілерді жасау өте қызықты.Геометриялық фигуралардан алтын балықтың үлгісін жасап көреміз. **Саусақтарға арналған жаттығу.**<br>**«Балықты құйрығынан ұстап ал».** Балалар, шеңберге тұрыңдар. 1–2 деп есептесіңдер.<br>1-нөмірлі балалар балықшы, ал 2-нөмірлі балалар балық болады.<br>Бір-біріңе беттеріңді бұрып тұрыңдар.<br>Қолдарымыздың шынтақтары бүгулі, алақандарымыз бен саусақтарымызды біріктіреміз. Барлығымыз бірге:<br>– Балықшы өзен жағасында балық аулап отыр, – дейміз (*алақандарымыз бен саусақтарымызды қысып тұрамыз).*<br>– Бір, екі, үш.(*Балықтың рөлін ойнайтын балалар қолдарымен балықшылардың қолдарының үстімен төмен қарай алақандарына дейін сырғанау қимылын жасап, бір сәтке*<br>*тоқтап қалады).* | тапсырады.<br><br>**4.В.к.Ойлаймыз, ойнаймыз.**<br>**Тақырыбы:**<br>Бүтін және бөлік.<br>**Мақсаты:**<br>Бүтін заттың бірнеше бөліктерден тұратыны түсіндіру.<br>**Сергіту сәті**<br>Шаршағанда ырғалып,<br>Гүлге ұқсап дем алам.<br>Қанатымды бір қағып,<br>Гүлдей болып жайқалам.<br>Орнымызға отырайық. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ыстық болады?<br>Найзағай қай мезгілде жарқылдайды? Күзде неге көп жаңбыр жауады?<br>Балаларды әңгімелетіп,қорытындылап, Мадақтау.<br>**4.В.к. Ұлттық ойындар. Тақырыбы:**<br>«Ағаш аяқ»<br>Балалардың бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттерін қалыптастыру.<br>**Сергіту сәті.**<br>Ыдыс жуу<br>Қане, қайда қолымыз?<br>Анамызға қолғабыс.<br>Шәйнек, кесе, ыдыстар,<br>Және үлкен табақ бар.<br>Барлығын да жуамыз,<br>Анамызға қамқормыз.<br>Анамызға қамқормыз.<br>Қорытындылап,мадақтау. | наопушку леса ранним летним утром, когда вся природа просыпается под теплыми солнечными лучами, и выполним упражнения.<br>Просыпается бабочка – дети стоят, руками обхватывают себя, голова опущена, на 1-2 поднимают голову (медленно), на 3-4 расправляют руки-крылья, на 5-8 выполняют движения руками, имитируя движения крылышками, медленно «порхают» по классу. А вот жучки. Они греют свои крылышки, лапки и брюшки на солнышке: дети останавливаются, встают на четвереньки и поочередно потряхивают то рукой, то ногой,потом переворачиваются на спину и шевелят руками и ногами. Насекомые погрелись на солнышке и полетели по своим делам.<br>Дети встают и выполняют легкий бег по кругу и плавно приземлились на цветки (стулья). **Задание № 2. Помоги Серику составить предложения по картинкам. Задание № 3. Игра «Кто что делает?».**<br>Как они передвигаются? (*они умеют ползать, летать, прыгать*).**Игра с мячом «Один - много».**Педагог кидает мяч и называет насекомое, ребенок откидывает мяч и называет слово во множественном числе. Бабочка – бабочки.Жук – жуки и т.д. **Динамическая пауза.**<br>*Дети выбегают и поют.*<br>Божья коровка улети на небо,<br>Принеси мне хлеба.<br>Черного и белого только не | Суреттерге қарап, бидайдың көңіл күйін ым-ишара арқылы көрсет.<br>**Ойын:** «Көңіл күйі» (ым-ишара, дауыс ырғағы арқылы көрсету).<br>– Қуаңшылық болғанда ақ бидай қалай қысылды? *(Жылау.)*<br>– Кедергі жасаған өсімдіктерге қалай ренжіді? *(Ренжу.)*<br>– Адамға мұңын қалай жеткізді? *(Мұңаю.)*<br>– Адам көмектескенде қалай қуанды? *(Қуану.)*<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс.**<br>Бидайға көмекке келген кейіпкердің суретін сал.<br>**Сахналау.** Педагог ертегіні сахналауды ұсынады.<br>Педагог сиқырлы қорапшаны көрсетеді. Қорапшаның ішінен жұлдызшалар таңдап алуды ұсынады.<br>Тәрбиеленушілер алған жұлдызшадағы суреттерге қарап рөлдерге бөлінеді.<br>Қалған балалар – көрермендер.<br><br>**4. Мүсіндеу:** (Сюжеттік мүсіндеу.)<br>**Тақырыбы:** Ермексаз қойылымы(Ы. Алтынсариннің «Жануарлардың айтысы» ертегісі бойынша мүсіндеу)<br>**Мақсаты:** Басқа балалармен топтасып немесе жекелей біртекті заттардан образдар мен сюжеттік композициялар жасау (мысалы, ертегі, әңгіме, балаларға арналған халық әндері, санамақ, мазақтамалар, аңыздар желісімен).<br>**Әліппе-альбоммен жұмыс.**<br>Әліппе-альбомдағы үлгілермен танысу. Таңдап алған жануардың өзіне тән ерекшеліктерін **қарап шығу** (денесі, басы, сирақтары, | – Ұста! (*Балық-балалар өте жылдам балықшылардың қолдарының үстімен төмен қарай алақандарына дейін сырғанау қимылын жасап, саусақтарын тартып алады, ал балықшы-балалар балықты құйрығынан, яғни саусақтарынан ұстап алуға тырысып, екі қолының саусақтарын бүгеді; осыдан кейін олар рөльдерімен алмасады*).<br>Сабақты қорытындылайды. Бүгін барлығын ойдағыдай орындаған балаларға шапалақтап қошемет көрсетуді ұсынады. Одан кейін қиындыққа тап болғандарға шапалақтауды ұсынады.<br>**3. Дене шынықтыру Тақырыбы:** Жәндіктер әлемі **(негізгі қимылдар)**<br>Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау<br>Балаларға осы өлкеде кездесетін жәндіктерді атау туралы тапсырма беріледі.<br>«Көбелектер»<br>«Екі көбелек су жаңа көйлектерін киіп, бір-біріне мақтана бастады:<br>– Менікі жібектен!<br>– Менікі пүліштен!<br>– Зерменен көмкерілген!<br>– Шап-шақ боп тігілген!<br>Екі дос көбелек көк шалғында шарықтап жүр!»<br>Балалар музыка әуенімен жібек бөкебайды желбіретіп, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | горелого.<br>*Ведущий поет:*«Будет солнце – полечу (*дети поднима-ют руки-крылья*).<br>Будет дождик – посижу».<br>*(складывают руки, садятся).*<br>**Задание № 4.** Продолжи ряд. | құйрығы).<br>**Ермек:** Өздерің жасайтын ертегі кейіпкерін таңдап алыңдар. Оның қандай қасиеттері мен ерекшеліктерін білесің, есіңе түсір.<br>**Саусақтарға арналған жаттығу: «Жануарлар».**<br>Балаларға жеке көмек көрсету.<br>**Сергіту сәті.**<br>Қорытындылау,мадақтау. | көбелек болып қимыл-қозғалыстар орындайды, музыка аяқталған-да тоқтап, қанаттарын жайып тұрады. Қимыл-қозғалыстың әдемі болуына назар аударады. Жібек мойынорағышпен (бөкебай) тыныс алу жаттығуларын орындау.<br>**«Самал жел»**<br>Мен самал желмін,<br>Солға да, оңға да ысқырамын.<br>Бұлттарды айдап,<br>Желіп жүрем аспанда.<br>**Еркін түрде орындық үстімен еңбектеу«Құрт»**<br>Құрттың ағаш діңімен қалай өрмелейтінін көрсету туралы тапсырма беріледі. Қозғалыс сапасын жақсарту әдістеріне назар аударылады – денені тырыстыра жиыру, аяқ башпайларын созу, денені барынша тік созу, иілу, топтасу.<br>*Қауіпсіздік техникасы туралы ескертеді, қажет жағдайда сақтық шаралары қолданылады.*<br>«**Шегірткелер»**<br>Залдың бір жағынан екінші жағына қос аяқтап секіріп бару.Нұсқау – қолды сермей отырып барынша екпінмен қарғу, секіру санын азырақ жасауға тырысу.<br><br>**4.В.к Логика әлемі.**<br>**Тақырыбы:**<br>Қосу. «+» белгісі.<br>**Мақсаты:**<br>«+» белгісімен таныстыру. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Алақай ойын! Сюжетті рөлдік , қимылдық және дидактикалық ойындар** | **Д/О Шығыршыққа түсір**». **Мақсаты:** Белгі бойынша әрекет ету дағдысын жаттықтыру; Затты көздеген нысанаға түсіруге жаттықтыру. | **Қ/О: «Бағдаршам».** ***Мақсаты**:* бағдаршам маңызы туралы білімдерін бекіту *-ептіліктерін дамыту*. Жаттығу ойындары Қозғалыстарын дамыту. *Мақсаты: затты қашықтықта лақтыру дағдыларын дамыту* | ***Жаттығу ойындары: Қозғалыстарын дамыту. Мақсаты:*** Затты көлденең бағытта лақтыру тәсілін меңгерту; Көз өлшемін, қозғалыс координатын, ептіліктерін дамыту. | ***О: «Қасқыр қақпан» Мақсаты**:* *Белгі бойынша әрекет етуге жаттықтыру; Жылдамдықтарын, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту.* . | **Қимылды ойындар жинағы** « **Паравоз** » **№1**. Мақсаты: Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүруге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету. |
| « **Табиғатпен біргеміз» Серуенге дайындық Серуен, табиғатты бақылау, таныстыру. Ойындар еңбек** | **Серуен №3** **Бақылау «Қардағы құс іздері» Мақсаты**:*қардағы құс іздерін тани білуге үйрету* . | **Серуен №4** **Жеңіл көліктерді бақылау** **Мақсаты:** автомобильдер туралы білімдерін *бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту.* | **Серуен №5** **Күн мен түн неге ауысады?** ***Мақсаты**:*Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні туралы түсінік беру. | **Серуен №6** **Ағаштарды бақылау** **Мақсаты:** *ағаштар туралы білімдері кеңейту,оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.* | **Серуен №7** **Қарғаларды бақылау** **Мақсаты:** қыстап қалатын құстар өмірімен танысуды жалғастыру.<br>- қарғалардың тіршілігін бақылау<br>- құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Дене бітімін дұрыс қалыптастыру мен аяқ табанын нығайтуға арналған жаттығуларды орындату | Үш-төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасату | Орысша сұрақтарға жауап бергізу. 4-5 сөз айтқызу. | Адам өміріндегі және өсімдіктер тіршілігіндегі судың маңызы туралы білу | Еске түсіру бойынша, затқа қарап, пішініне, пропорциясына, көлеміне, назар аудара отырып, заттарды бейнелету. |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | Ата-аналармен сөйлесу.Үйлеріне қайтару. | Өтілген дыбыстарға байланысты тақпақ, жаңылтпаштар қайталау | Ата-анамен сөйлесу.Балалардың тәртібін айту. | Балаларының оқу іс -қызметіне көңіл бөлу | Өтілген дыбыстарға байланысты тақпақ, жаңылтпаштар қайталау |